



# SYR TÚLEGI

student jastar gazeti

1992 жылдың мамырынан бастап шығады

№6 (431) 4 наурыз, 2022 жыл



## Құрметті аналар, қыз-келіншектер! Қадірлі әріптестер!

Сіздерді ару көктемнің шуақты мерекесі 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен құттықтаймын!

Әйел-Ана әрқашан өзінің ақ тілегі, мейірім-махаббатымен әлемді әлдилеп келеді. Ер азаматтар қай кезде де анам – ардақ тұтар ақылшым, әпкем – қолдаушым, жан-жарым – отбасымның ұйытқысы, қызым – қырда өскен қызғалдағым деп нәзікжандарды ерекше қадірлеген. Табиғат күннің шуағынан қуат алып, ғажайып кейіпке енетін болса, адамзат баласы ана мейірімнен қуат алып, тіршілікке қадам басады.

Бүгінде әйелдер қауымы отбасының алтын қазығы болумен қатар, кәсіби білікті маман ретінде еліміздің әлеуметтік-экономикалық тұрғыда дамуына үлкен үлес қосуда. Әлем бойынша әйелдер білім және ғылым, денсаулықты сақтау, кәсіпкерлік, мәдениет пен спорт сынды адамзат үшін аса маңызды салаларда ақыл-парасаты, қайсарлығымен биіктерді бағындырып келеді.

Қазір Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетіндегі профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлердің 68 пайызын әйелдер құрайды. Олар ел дамуының басты көрсеткіші саналатын білім мен ғылым саласының өркендеуі, инновациялық технологиялардың өндіріске енгізілуі, сұранысқа сай сапалы кадр даярлау жұмыстары бойынша аянбай еңбек етуде. Білімді де жігерлі жастар елдің болашағы десек, білім алушылардың қоғамға керек тұлға болып қалыптасуы жолында біздің педагог ұстаздардың сіңірген еңбегі орасан.

Мерейлі мереке құтты болсын, арулар! Көктемнің сәулелі күніндей шуақ шашып, жер бетіне ізгілік нұрын таратып, жарқырап, жайнап жүре беріңіздер! Дендеріңізге саулық, отбастарыңызға амандық, ел дамуы жолындағы еңбектеріңізге табыс тілеймін!

Ізгі ниетпен  
Бейбіткүл КӘРІМОВА,  
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда  
университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры,  
қалалық мәслихат депутаты

## 8 НАУРЫЗ - ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІ!



Табиғатта көктемнің салтанат құруы - тіршілікке жаңадан жан бітіреді. Аязды әкетіп, қарды ерітетін күннің шыр айлы шапағы тек табиғатты ғана емес, ондағы тіршілік иелерін де жандандыра түспек. Көктемнен қандай сый күтеміз? Өзге мезгілге қарағанда көктемнің қандай сиқыры бар?

Шұғылалы көктемнің бір сиқыры – жаңа талпыныс пен өмірге құштарлықты оятуында. Самарқанның көк тасы еріп, айналадағы ағаштардың енді ғана бүршік атқалы тұрған бейнесі, қалың тонның астындағы әдемі келбетін паш еткен қыздар, бәрі, бәрі осы мезгілмен құлпырады.

Түннен кейін күннің келетіні сияқты қыс қылышын сүйретіп өтіп кеткенше көктемнің көлеңкесін асыға күтеміз. Өйткені көктемнен күтер жақсылық көп.

Көктемде бар табиғат қана емес, адамдардың ішіндегі бұғып, тоңып жатқан сезімдер де оянады. Үміт пен сенім бүршік атып, күдік ери түспек. Көктем - махаббат айы. Көптен бері томаға-тұйық қалыпта жүргеніңізді көктем шыққанда ғана сезінуіңіз мүмкін. Сондықтан, ерекшелігі көп көктем мезгілі – өміріңізге жаңашылдық, жақсылық, махаббат әкелсін демекпін.

Жамбыл БАҚЫТӘЛІ,  
2-курс студенті

## ТАҒЫЛЫМЫ МЕН ТАНЫМЫ ТЕРЕҢ ҒАЛЫМ

Өңірдегі білімнің қарашаңырағы атанған Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетіндегі қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика кафедрасының доценті, белгілі әдебиетші-ғалым, филология ғылымдарының кандидаты Айтбаева Айман Ералықызы алғы деген асқардың шыңына шықты. Кейіпкеріміз бүгінгі уақыт талабына сай ғылымда және қоғамдық ортада өзіндік орны бар, руханият жанашыры ретінде жемісті жұмыс жасап жүрген абзал жандардың бірі.

Өмірде де, ғылымда да өз орнында табу – үлкен бақыт. Нәтижелі еңбек етіп, мұқтаж жанға көлеңкенді түсіріп, алғысын алу, жемісін көру – ол да бір берекелі іс. Адам ретінде дүние дидарын ашқан соң, азамат болып қалыптасу – әркімге парыз. Ғылым, білім жолындағы тынымсыз ізденіс пен күрескерлік, талап пен табандылық қана адамды парықты істің парасатына бөлейді. Міне, осындай ізгі мұрат жолында іргелі іс атқарып, әдебиет жанашырына айналған ғалым, әрі ұстаз Айтбаева Айман Ералықызының өмірі мен шығармашылық жолы ізденіске толы.

Жалғасы 3 бетте ▶

## «KQ-KITAP QURTTARY» КЛУБЫНА - 3 ЖЫЛ!



Сыр жастарының рухани дамуына үлес қосқан «KQ-Kitap Qurtтары» клубы 3 жылдық мерейтойын атап өтті. Шараға облыс әкімінің орынбасары Серік Ахмет, облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов, облыстық Н.Бекежанов атындағы Қазақ музыкалық драма театрының көркемдік жетекшісі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Хүсейн Әмір-Темір, зиялы қауым өкілдері мен жастар қатысты.

«Клуб 2019 жылы 2 ақпанда құрылды. Бастапқыда 7 адамнан құрылған топтың құрамы бүгінде 100-ге жетті. Топта тек Қызылорда қаласының жастары ғана емес, Алматы, Астана, Ақтөбе қалаларының жастары да бар. Біздің мақсатымыз - жастардың кітап оқуға қызығушылықтарын арттыру, кітап оқуды насихаттау. Үш жыл ішінде 44 жиын ұйымдастырып, түрлі мекемелерге 1000-ға жуық кітап табыстадық», - деді Қорқыт Ата

атындағы Қызылорда университетінің PR менеджері, клуб жетекшісі Талғат Меңдібаев.

Айта кетейік, кітап клубы 2021 жылдан бастап Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті Басқарма Төрағасы - Ректорының қолдауымен оқу орнының базасында орналасқан «Қосымша білім беру» орталығына курс ретінде тіркелді. Қазіргі таңда облыс көлемінде ауқымды жұмыс істеуде.

### УНИВЕРСИТЕТ ҒАЛЫМДАРЫ ЖЕТКЕН ТАҒЫ БІР ЖЕТІСТІК

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің ғалымдары күріш қауызынан биочар, кремний диоксидін алу технологиясын жасады. Бұрын егін жиналып, дәнді өңдегеннен кейін мыңдаған тонна күріш қауызы пайдаланылмай, өртелетін. Ғалымдардың арқасында күріш қауызы мен сабанынан қағаз, белсендірілген көмір және биочар әзірленуде.



Биочар әлемде топырақ қасиетін жақсартып, оның тұздылығын айтарлықтай төмендететін биотыңайтқыш ретінде кеңінен қолданылады.

«Кремний диоксиді шыны, керамика, абразив, бетонды жабдықтар, тіс пастасы, косметика, оптоалшық және т.б. өндірісінде қолданылады. Әдетте кремний диоксидін құмнан алады, біз күріш қауызынан, яғни қалдықтан алу технологиясын жасадық. Күріш қауызын майдалап, кептіріп, микротолқындық сәулелендіру жағдайында тұз қышқылымен өңдейміз. Осылайша бейорганикалық қоспаларды бөліп алу үдерісін жылдамдатып, күріш қауызын муфельді пеште сатылап 300 °С-дан 800 °С-ға дейін күйдіруді іске асырамыз. Нәтижесінде тазалығы 100 % кремний диоксиді алынады», - деді профессор Нұрбол Аппазов.

Ғалымдар өңірде жетіп артылатын күріш қауызын қолданудың басқа да рационалды жолдарын іздестіруде.

### УНИВЕРСИТЕТ ОҚЫТУШЫЛАРЫ – «БОЛАШАҚ» СТИПЕНДИЯСЫНЫҢ ИЕГЕРІ



Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің 7 профессор-оқытушысы ғылым санаты бойынша «Болашақ» бағдарламасының стипендиясын иеленді. Академиялық мәселелер жөніндегі проректор міндетін атқарушы, т.ғ.к., профессор Абайбек Жүнісов АҚШ-тағы Джордж Вашингтон университетінде, Тарих кафедрасының аға оқытушысы Әзілхан Тәжекеев Германиядағы Тюбинген университетінде тағылымдамадан өтеді. Ал Физика-химия талдау әдістері зерханасының жетекшісі Нұрғали Ақылбеков Ресей Федерациясы Казан қаласындағы А.Е.Арбузов атындағы органикалық және

физикалық химия институтында, Ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Самалбек Қосанов К.А.Тимирязев атындағы Ресей аграрлық университеті, Экономика және басқару кафедрасының доценті, э.ғ.к. Алмакүл Әбдімомынова, Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика кафедрасының оқытушысы Ақерке Жолмаханова М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті, Аграрлық технологиялар кафедрасының оқытушысы Жанар Жумадилова Белоруссия мемлекеттік агротехникалық университетінде тағылымдамадан өтеді.

# ТАҒЫЛЫМЫ МЕН ТАНЫМЫ ТЕРЕҢ ҒАЛЫМ



Айман Ералықызы Сырдария ауданының Махамбетов ауылында 1962 жылы көпбалалы отбасында дүниеге келген. Кәделі анасын толғақ қысып жатқанда «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы баспасөз» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғаған белгілі журналист, қоғам қайраткері Нұрділда Уәлиев Ералы ақсақалдың отбасында қонақ болған екен. Дүниеге келген қыз баланың есімін қоюды елдің ішінде уәлі сөзімен танылып жүрген журналист ағасына қолқа салады. Алла елшісіне ақылды, сабырлы мінезімен ұнаған Айман сияқты ақылды, әрі «Айман-Шолпан» жырындағы тама Маман байдың ақылды, тапқыр, сабырлы да көрікті қыздарындай болсын деген ниетпен Айман есімін беріпті. Айман Ералықызы «Әкем Айтбай - әжемнің тұлабойы тұңғыш ұлы. Өзінен кейінгі бауыры Әнуарбек он үш жылдан соң өмірге келеді. Анам Кәделі - Жанқожаұлы Сұлтанқожаның қызы. «Балалы үй базар» деген, айналайын, келінжан, Айтбайдың жалғыз екенін білесің... Туғаныңды біл, өзіміз бағамыз деген ата-енесі тарапынан бір ғана тапсырма берілгендей анам он бес баланы дүниеге әкеледі. Барлығымыз атам мен әжемнің бауырында өстік», - деп толғанады.

Шындығында да дуалы ауыздан шыққан сөздің киесі не ата-ананың шынайы тілегінен болар Айман Ералықызы ғалым, журналист Нұрділда ағасы сияқты 2002 жылы ғалым З.Б.Бейсенғалидың жетекшілігімен «XX ғасырдың басындағы қазақ лирикасы» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғап, филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алды.

1982 жылы Қызылордадағы М.Мәметова атындағы Қыздар педагогикалық училищесіне оқуға түсіп, оны үздік дипломмен бітірген жас Н.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтының филология факультетіне оқуға түседі. Ол институтты үздік бітіріп, орта мектептерде мұғалім, медициналық училищеде оқытушы қызметін атқарды. 1994 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетіне қызметке қабылданды. Содан бері отыз жылға жуық уақыт бойы болашақ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдерін даярлау ісіне үлес қосып келеді. «Дарын» ғылыми орталығында ғылыми жобаларға жетекшілік жасайды, оннан аса шәкірттері республикалық жарыстардан жүлделі орындарды иемденді.

Бүгінгідей жаһандану дәуірінде ұлттық құндылықтарды дәріптеуде, жас ұрпаққа білім мен тәрбие беруде әдебиеттің ұлттық руханиятты қалыптастырудағы ерекшелігінің зор екендігін көріп отырмыз. Әдебиет пәні

халқымыздың тарихи жүріп өткен жолдары мен рухани, мәдени мұрасы, сөз өнерінің асыл қазынасын туындылар арқылы сақтай алу мүмкіндігін жақсы білетін ұстаз Айман Ералықызы болашақ педагогтардың санасына дарытып, сауаттылық, оқу, білім, адамгершілік, өнегелі тәрбие арқылы тұлға болып қалыптасуына жоғары мән береді. Оның әр жыл сайын өткен ашық дәрістерінен көркем шығарманы мәтіндік тұрғыдан талдатудың тәсілдерін жанашылдықпен қолданатындығының куәсі болып жүрміз. Өзі ЖОО ұстазы ретінде тек студенттер аудиториясымен ғана шектелмей, орта мектеп мұғалімдерімен тығыз байланыс орнатып, оқушыларды сөз өнеріне, ғылыми ізденіс жасауға бейімдеп келеді. Соңғы бес жылдың көлемінде Жаңақорған ауданындағы бірқатар орта мектептерде жас мұғалімдерге шеберлік дәрістерін беріп, оқушыларға эссе жазудың ережесін үйретуде.

Айман Ералықызы өзі де «Ұстазыңды пірдей көр, ата-анаңмен бірдей көр» деген халық даналығын бойына сіңіргенін ұстаздарына деген құрметімен көрсете алып жүрген жан. Ә.Қоңыратбаев, Ә.Байжолов, Б.Кәрібозұлы, Ұ.Жанбершіева, С.Тайман, Ә.Мамыраева, С.Бахтиярова, Р.Есназарова сынды ұстаздарымен әріптес бола жүріп, кішілігінен таңған емес. Сондықтан да үнемі «Өмірімнің ағысы өзімнен кейінгілерге үлгі боларлық болса, ол менің ардақты әкем мен аяулы анамның, қымбатты ұстаздарымның тәрбиесінен, өшпес өнегесінен дер едім», - деп ағынан жарылады.

15 жылдан астам уақыт Ә.Қоңыратбаев атындағы әдебиет үйірмесінің жетекшісі ретінде қаншама әдеби кештер, бенефистер, әдеби туындыны талқылаулар, ақын-жазушылар мен қоғам қайраткерлерімен кездесулер ұйымдастырды. «Бір кітап – бір әлем» акциясының тұрақты лекторы, облыстық әйелдер кеңесінің мүшесі. «Қыран қашан да болса, биіктеп ұшып, ашыққа қонады», - дегеніндей, Айман Ералықызын ұстаздық қызметінде өмірден өз орнын тапқан, биігін бағындырған бақытты ұстаз деп білеміз.

А.Айтбаева 150-ге жуық ғылыми мақаланың, 1 монографияның авторы. университеттің «Үздік әдіскері», «Қорқыт ата атындағы Алтын медалінің», «Үздік түлек» медалінің иегері атанды. Сыр өңірінің әлеуметтік-рухани дамуына қосқан ерекше үлесі алғыс хаттармен де марапатталған.

Жанымызда жүрген жақсы адамдарды кейде байқай білмейтін, қадіріне жете алмайтын, еңбегін бағаламайтын сәттеріміз болатындығы шындық. Айман Ералықызын өзгелерден айшықтап тұратын қасиет деп кітапты көп оқитындығын айтар едік. Ол оқыған кітабындағы түйінді ойды баяндай отырып, сені де сол кітапты оқуға құштар етеді. Кез келген тақырыпты тереңінен қозғап, маңызды мәйегін шебер көрсете алады. Әділетсіздікке жаны қас, ойындағысын ірікпей, ешкімнен де қаймықпай айтатын батылдығы тағы бар. Өзгеге қойған талабының үдесінен өзі де шыға білетін еңбекқор ұстаз.

Айман Ералықызы ұжымда адал еңбеккер, ортасына сыйлы әріптес, отбасында мейірімді ана, асыл жар. Осындай қуанышты күні ғұмырыңыз ұзағынан, көрер қуанышыңыз мольна болсын деп тілейміз!

**Аягөз АБДРАЗАХОВА,**  
**Қорқыт Ата атындағы ҚУ-дің**  
**аға оқытушысы, баспа ісінің магистрі**



*Талай жастың жастанып оқитын мөлдір сырына айналған «Махаббат, қызық мол жылдар» кітабының авторы Әзілхан Нұршайықовтың есімі бізге жақсы таныс. Ал, ұлт жанашырының қазақ қызына қалдырған осы өсиеті – ұлт тәрбиесінің көрінісін айқындап бергендей. Білім ошағында оқитын аруларымыз да оқысың деген ниетте, үзінді жариялауды жөн көрдік.*

## ҚЫЗДАР!

Жандарында жүрген жігіттерді ақылмен, әдептілікпен, сыпайы мінезбен, сүйкімді назбен тізгіндей біліңдер. Жігіт – жаныңда жүрсе жолдасың, жауға жұмсаң – жолбарысың. Жігіт – ортада жүрсе орманың, шетке шықса – қорғаның. Қорғаның, қормалың сенің! Жігіттерден жылы күлкі, жұмсақ әзілдерінді аямандар.

Егер сүйген жігіттеріңе сүйікті жар боламын десендер, еңбекшіл болыңдар! Егер ата-енеге қымбатты келін боламын десендер, еңбекшіл болыңдар! Өздерінді алақанға салып, әлпештеп отырған қоғамға адал перзент, асыл азамат боламын десендер, еңбекшіл болыңдар! Өнді қыз өтімді қыз болғанымен, түптің түбінде есті, еңбекшіл қыз ғана жақсы жігітті өкіндірмей ең асыл жар, жан серік бола алады.

Ұйқышыл болмандар, ұмытшақ болмандар, ұрысқақ болмандар! Инабатты болыңдар, ілтипатты болыңдар, ұйымшыл болып өсіңдер! Көрсен қызар болмандар! Қол жетпеске тыраштанбаңдар! Құр сәнқойлықтан сақтаныңдар. Сананы сәнге емес, сәнді санаға бағындырыңдар.

Желкілдеген жеңілтек болмандар! Желпілдек қызды жебір жігіттер жентектеп ауыздарына бір-ақ қылғыта салуға құмар келетінін ұғыңдар, ұмытпаңдар. Сабырлы болыңдар, салиқалы болыңдар, салауатты болыңдар, қарақтарым!

Сұқ көзден сақтаныңдар. Сұлу сөзден сақтаныңдар. Шынайы махаббат мақтауды қажет қылмайды. Орынсыз мақтаудың сақтаныңдар, абыройдан аттаудан сақтаныңдар! Өнді қыздың бәрі жөнді қыз бола бермейтіні сияқты, жылтырағанның, жымыңдағанның, жылпылдағанның бәрі бірдей жақсы жігіт бола бермейді. Сондықтан жігіттерге қарағанда олардың ішкі дүниесіне үңіліңдер, адамгершілік, азаматтық сапасына көз жүгіртіндер...



## АЙЗАДА МҰРАТОВА: «КАССЕТАҒА ӨЗ СҰҚБАТЫМЫЗДЫ ЖАЗЫП ОТЫРАТЫНБЫЗ»

Айзада Мұратова, «Қызылорда қоғамдық телерадиокомпаниясы» ЖШС-нің редакторы, тележүргізуші:

- Журналистика мамандығын таңдауыңыздың сыры неде?

- Кішкентайымнан журналистика саласына қызығатынымын. Көгілдір экранға тек мультфильм болып жатқанда емес, өз-өзіне сенімді, әдемі киінген тележүргізуші бағдарлама жүргізіп тұрса да жалт қарайтынмын. Уақыт өте, қызығушылығым арта түсіп, журналисттерге қызығып қарап қана қоймай, өзім журналист образына енетін болдым. Құрбыммен бірге бір бөлмеге кіріп, есікті жауып алып, өзімізді тікелей эфирде отырғандай сезінетінбіз. Мен журналистпін, ол - менің студиямның қонағы. Ойша сұрақ құрастырып, оған жауап тауып... Ең қызығы, біз магнитофонға кассета салып, өз сұқбатымызды жазып отыратынбыз. Бала күні армандаған, қызыққан, жүрегім қалаған мамандық иесі атанғанымна қуанамын.

- Студенттік жылдардағы тәтті естеліктермен бөліссеңіз. Қандай ұстаздардан тәлім алдыңыз?

- Мен негізінде білімді орыс тілінде алдым. Ойлап қараңызшы, 11 жыл бойы орысша оқыған мен, қазақ тілінде оқытатын оқу тобына студент боламын... Бұл мен үшін басқа бір әлемге түскенмен тең болды. Жаңа ортаға түскеннің өзін көбісі жат санып жатады. Ал мен үшін ортадан бөлек, жаңашылдық көп болды.

Ұстаздарға тоқталатын болсақ... Біздің кездегі апайларды «Великолепная четвер-

ка» дер едім. Зухра, Гүлмира, Аягөз, Асыл апайлар. Бұл кісілер бізге журналистика мамандығының қыр-сырын үйретіп қана қоймай, үлкен өмірге дайындады, ақылын айтты. Осы және де басқа да тәлім-тәрбие берген ұстаздарға бас иіп, алғыс айтамын!

- Еңбек жолыңызды телеарнадан бастап, әлі күнге дейін сол салада қызмет етіп келесіз. Телевизия әлемінің қызығы мен қиындығы туралы айта кетсеңіз.

- Телевидение – бұл қызығы мен шыжығы қатар жүретін мамандықтардың бірі. Сен бір рет телевизия әлеміне қадам басан, сенің сол әлемнен, оның қиындықтарына қарамастан, шығуын қиындайды. Сен бір рет тікелей эфирге, съемкаға шығып сол кездегі адреналинді, эмоцияны сағынатын боласың.

Жаңа орта, белгілі адамдармен бетпе-бет кездесіп, сұқбаттасу, бұрын соңды бармаған жерлерге бару, жаңалықтың ортасында жүру, халыққа қол ұшын соза алу... Бұл телевидение саласының саған беретін мүмкіндіктердің бірі ғана. Плюс бар жерде, әрине, минус та болады. Минус деп мен тек уақытпен санаспай жұмыс жасайтынымызды ғана айта аламын.

- Журналистика саласына аяқ басқан жас журналистерге қандай кеңес айтасыз?

- «Сенің қолыңнан келеді, өз-өзіне сен»- дегім келеді. Көбісі журналист, диктор болғысы келеді, бірақ «Менің қолымнан келмейтін шығар?» деп күмәнданады.

Мен де өз-өзіне сенімсіздер қатарынанмын. Журналистика мамандығына түсуін түсіп алып, «Мен журналист бола алмайтын шығармын» деген ойлар маза бермеді. Дегенмен, осы салаға деген махаббат, қызығушылық басым болып, мені журналист ете алды.



Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің белсенді студенті София Хайруллақызы – тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеп, ерекше туындыға айналдырып жүрген жас өнерпаз. Сондай-ақ, танымал Дисней кейіпкерлерін қазақи нақышта бейнелеп жүр. Қызығушылық танытып, саф өнері туралы әңгімелескен едік.

- София, бұл өнер қызығушылықтан туған дүние ме?

Қай уақыттан бері айналысып келесіз?

- Дәстүрлі сурет салумен бала кезімнен, диджитал өнермен 5 жылдан аса уақыт айналысып келемін. Бейнелеу өнерінің барлық бағыттағы салу түрлерін үйренгенмін. Ал, иллюстрация жасауды мектептерде сабаққа арналған отандық көрнекілік материалдар мен тақырыптық иллюстрациялар санының аз болғанынан қолға алдым. Себебі, иллюстрация оқырманға мәтінді жақсырақ түсінуге көмектесіп, оқуды мәнерлі және түсінікті етеді. Арнайы графикалық бағдарламаны профессионалды түрде үйренуді Жапон, Корея, Еуропа елдерінің профессионалды иллюстраторларының мамандырылған Арт жапон, корей мектептері мен авторлық оқытушылар тәжірибелерінен игердім.

- Экологиялық бұйымдарды қалай жасайсыз?

- Көбіне мен кондитерлік қаптамалар мен әрбір үйде кездесетін тұз, күріш, т.б. қаптамасын қолданамын. Бұйымдар арқылы мен жастарға кез келген затты қайта өңдеуге болатынын көрсете отырып, мотивация беремін. Кейбір картиналарымда жергілікті табиғатты бейнелеймін. Арал теңізінің тағдыры мен Сырдария өзенінің қазіргі жағдайына бей-жай қарамай, картина арқылы көрсетемін. Аймағымыздағы экологиялық ахуалды сурет арқылы жеткізу өте маңызды деп ойлаймын.

- Бірсұқбатыңызда ұлттық күресімізді жазғы олимпиада бағдарламасына енгізуді мақсат етеміз деген екенсіз. Жалпы болашақта қандай жоспар, мақсаттарыңыз бар?

- Қазақ күресі – қазақ халқының ең көне спорт түрі. Төл өнеріміз қазақ күресін дамыту баршамыздың міндетіміз. Қазақ күресі төрткүл дүниеге танымал болуы үшін теориялық кітаптар, әдістемелік жинақтар дайындалуы өте маңызды. Сондай-ақ, кітап беттерінде толыққанды мәліметтермен бірге иллюстрациялар болуы тиіс. Осы мақсатта қазақ күресі жайлы балаларға арналған танымдық кітапқа арналған иллюстрациялар жасаудамын. Оны балаларға төл өнеріміз жайлы ақпарат беретін кітапша ретінде шығару жоспары бар.

Бетті дайындаған: Аида БАТЫРБЕКҚЫЗЫ

## КОЛЛЕКЦИОНЕР ХАНЫМДАР

Әлемде өзінің қызығы үшін белгілі бір нәрселердің коллекциясын жинайтын адамдар бар. Коллекция жинау мамандық та емес. Тек көңілдің қанағат табуы. Біздің университетте қызмет ететін кей нәзік жандыларымыздың арасында да коллекционер ханымдар бар екен. Соның бірі – Ғылыми үйлестіру бөлімінің бастығы, университеттің ғалым хатшысы Шолпан Үмбетова. Түрлі орамал, сәнді мойынорағыштардан коллекция жинайтын апайымыз бұл қызығушылықтан туған дүние дейді.

«Бала кезден қуыршықтарды орамалмен сәндеп жиі ойнайтынмын. Есейе келе түрлі сәндегі орамалдарға сүйіспеншілігім артты. Басқа мемлекеттерге барған сайын, сол елдің орамалдарынан, мойынорағыштарынан міндетті түрде аламын. Негізі түрлі-түсті, ашық орамалдарды жақсы көремін. Сол себепті көзіме бірінші түскен, ерекше ұнағанын сатып алуға тырысамын. Жас ұлғайған сайын, қызығушылығым басылар деп ойлап едім, керісінше, одан бетер өсті».

Ал, тәрбие жұмыстары және жастар саясаты бөліміне қарасты мұражай меңгерушісі Насихат Смайыл пиджак пен жейдеден коллекция жинайды. Ата-анасынан ерте айырылған бала Насихат жоқшылықтың дәмі осындай мақсат қоюына себеп болды дейді.

«Мен 8 жасымда ата-анамнан бірдей қол үзіп алдым. Әрі қарай күнімізді өзіміз көрдік,

қиналды. Тіпті, бір үзім нанға ақша таппай қалатын кездер болатын. Сонда бала көңілмен есейгенде өзіме қызмет етемін, ешқашан өзімді киімнен, тамақтан шектемеймін деп шештім. Содан бері әр табысымнан міндетті түрде бір пиджак алып жүрдім. Қазіргі таңда пиджактарымның саны 50 ге жуықтаса, жейделерім 40-тан асады».

Коллекция жинауды 4 жылдан бері ермек етіп жүрген әріптесіміз бұл қызығушылықты әзір тастамайтынын айтады. Сондай-ақ, ол үшін коллекциясындағы ең қымбат пиджак – өзінің жолдасы сыйға тартқаны.



## ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР! АРДАҚТЫ АРУЛАР!



Шұғылалы көктемнің алғашқы мерекесі – 8 наурыз Халықаралық әйелдер мерекесімен құттықтаймын!

Сіздер бір отбасын емес, бүкіл әлемді аялы алақандарыңызбен тербете алатын, адамзат баласының ары, рухы, жігерісіздер. Тәуелсіз Қазақстанымыздағы бейбіт тірлік пен бірліктің, жарқын болашаққа деген сенімнің, ізгілік пен мейірімділіктің ұйытқысы да өздеріңіз.

Мерекелеріңізбен құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, шаңырақтарыңызға шаттық, ырыс-құт тілеймін. Әр таңдарыңыз арайлап атып, күндеріңіз нұрға толсын!

**Нұрлан УРАЗБАЕВ,**  
Стратегиялық даму және қаржы жөніндегі проректор

Сіздерді көрікті көктемнің шуақты мерекесі 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Қай халықта болмасын дүниедегі ең ізгі ұғымдар ана атауымен байланысты. Сондықтан бабаларымыз әсемдік әлемінің үлгісіндей әйел-ананың орнын ерекше бағалаған.

Сіздер кәсіби білікті кадр қалыптастыру, еңбек нарығына қажетті мамандарды даярлау жұмыстары бойынша елеулі еңбек етіп келесіздер. Нәзіктік пен қайсарлықты ұштастырып, барлық салада үлкен жетістіктерге қол жеткізіп жүрген сіздердің еңбектеріңізге баршамыз ризамыз.

Көктем мерекесі жақсылық ала келсін, әр күндеріңіз әдемі болсын, арулар! Сіздерге толағай табыс, дендеріңізге саулық, отбастарыңызға бақ-береке мен амандық тілеймін!

**Жандос БАЗАРТАЙ,**  
Әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор

Сіздерді ару көктемнің алғашқы мерекесі 8 Наурыз – халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын! Осынау жарқын мерекенің көктемнің алғашқы айында бастау алатыны тегін болмаса керек.

Ана қуанышы, әйел қуанышы — әр үйдің, отбасының, Тәуелсіз Қазақстанның қасиетті Отанымыздың мерейі екені белгілі. Қазақ арулары тарихта халықтың ар-ожданы, ізгіліктің, нәзіктіктің және дархан көңілдің көрінісі болып келді және бүгінгі мереке оларға деген шынайы құрметтің белгісі.

Баршаңызға осы мерекеде шынайы көңілден зор денсаулық, баянды бақыт, отбасыларыңызға береке-бірлік, Жаңа Қазақстанның дамуы жолындағы барлық еңбектеріңізге табыс тілеймін!

**Сағат ТАЙМАН,**  
Гуманитарлық-педагогикалық институтының директоры, т.ғ.к., доцент

Сіздерді көктемнің шуақты күні – әсемдік, әдемілік, мейірім күні – 8 наурыз Халықаралық әйелдер мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Бүгінде отбасының тыныштығын, береке-бірлігін сақтап қана қоймай, қоғамның әр саласында қызмет етіп, еліміздің өркендеуіне, өсуіне тікелей атсалысып жүрген аруларымыз қаншама.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде ұрпақ тәрбиесімен, болашақ маман даярлаумен айналысуда ұстаздарымыздың орны ерекше. Олардың ұжым бірлігін арттыруда, мәдениетін қалыптастыруда, қызмет сапасын көтерудегі үлесі орасан зор.

Аналарды құрметтеу, әйелдер күні ретінде елімізде игі дәстүрге айналған мереке әрқайсыларыңыздың шаңырақтарыңызға тек шаттық, жақсылық әкелгей!

**Абайбек ЖҮНІСОВ,**  
Ректордың қоғаммен байланыс жөніндегі кеңесшісі

Сіздерді 8 наурыз – Халықаралық әйелдер мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Көктемнің бұл тамаша мерекесі – бейбіт өмір, сұлулық пен нәзіктіктің символы, жасампаздық пен шалқар шабыттың қайнары – аруларымызға деген ерекше жылулық пен сүйіспеншілікке толы.

Өңірдегі білім, ғылым, мәдениет пен спорттың қарашаңырағы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің өркениет талаптарына сай дамуына, отаншыл, парасатты әрі бәсекеге қабілетті кадрлар даярлауға нәзік жанды ұстаздарымыз, әріптестеріміз сүбелі үлесін қосып келеді.

Тал бойына сымбаттылық пен сұлулықты жия білген барша әйелдер қауымына осы бір ғажап мереке зор денсаулық, мөлдір махаббат, баянды бақыт, биік абырой сыйласын! Мерейлі мереке құтты болсын!

**Қали ОМАРОВ,**  
Ғылым департаментінің директоры

Әйелдер қауымына айтылар ақ тілектер мен жылы сөздер еш уақытта толастамасы анық.

Көктеммен таласа келетін мерекелік көңіл - күй сіздердің сергектітеріңіз бен күш - жігерлеріңіздің қуат көзіне айналсын.

Жер - дүниенің жаңаруын, оның сәні мен мәнін паш етіп келе жатқан тамаша көктемнің мерекесі қарсаңында Сіздерге және отбасыларыңызға мол береке, бақыт, зор денсаулық, болашаққа үлкен сенім тілеймін.

Табиғаттың тамаша мерзімі – көктемдей құлшырып, жасара беріңіздер!

**Нұрлан ҚҰЛМЫРЗАЕВ,**  
Экономика және құқық институтының директоры

Көк желекті көктеммен бірге көңілге қуаныш сыйлай келетін аяулы аналарымыздың, әпкелеріміздің, қарындастарымыздың төл мерекесі – 8 наурыз мейрамы құтты болсын!

Әр отбасының береке-бірлігін қалыптастырып, халқымыздың дәстүрі мен салтын, оның мәдениеті мен тарихын, тілін қадірлеуді ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп келе жатқан аналарымызға, ұстаздарымызға шынайы ризашылық сезімді білдіремін.

Мерекеде сіздерге зор денсаулық, әрі сұлулық, нәрлі күш-қуат тілеймін!

Көңілдеріңіз көктемдей көрікті болсын!

**Айтжан ОРАЗБАҚОВ,**  
Кәсіподақ комитетінің төрағасы

Сіздерді 8 наурыз - Халықаралық әйелдер мерекесімен құттықтаймын!

Шығыста: «Әйел бір қолымен бесікті тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді», дейді.

Тәуелсіз еліміздің ұл-қыздарын тәрбиелеп, азаматтарға сенімді тірек болып, қоғам ісіне білек сыбана кірісіп, қиын қыстау кезде демеу болып жүргендеріңіз үшін барша әйел қауымына алғыс айтамын.

Шаңырақтарыңызға ынтымақ, береке, өздеріңізге шығармашылық табыстар тілеймін.

**Жандос ОРАЗМАХАНОВ,**  
Рекрутинг орталығының жетекшісі



Құрылтайшы: Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті  
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тексеріліп, №331-Г куәлігі берілген.

Бас редактор:  
Қ.Ә.Омаров

### АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

**Б.С.КӘРІМОВА** -  
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры  
**А.Т.ЖҮНІСОВ** -  
Ректордың қоғаммен байланыс жөніндегі кеңесшісі  
**Ж.Н.БАЗАРТАЙ** -  
Әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор  
**Ғ.Ә.ТҰЯҚБАЕВ** - университет профессоры

Газет тілшісі:

**Аида**  
**БАТЫРБЕКҚЫЗЫ**

**SYR TÚLEGI**  
student jastar gazeti

1992 жылдан мамырынан бастап шығады  
Жарияланған мақаладағы автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді. Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды. «Сыр түлегіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуға міндетті.